

I жартыжылдықта сынып жетекшілердің атқарған жұмысының есебі

2024-2025 оқу жылында барлығы 20 сынып жетекші бар. Оқу жылының басында сынып жетекшілердің отырысы өтіп, биылғы жылдың әдістемелік нұсқау хатымен соның ішінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырылды. Күн сайынғы, апта сайынғы, ай сайынғы жұмыс жоспары мен сыныптың жылдық тәрбие жұмысы бекітілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында көрсетілген алты құндылық пен алты жобаны іске асыру мақсатында ай сайын сынып сағатына қатысу кестесі бекітілді. Сынып сағаттары барлық сыныптарда тұрақты өткізілді.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні» барлық сыныптарда біріңғай сынып сағаттары өткізілді.

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні, қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне арналған сынып сағаттары сонымен қоса кітапханашымен бірлескен танымдық сағаттар ұйымдастырылды.

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні қарсаңында әр сынып жетекші ең үздік сыныбының отбасылық видеосын жариялады.
қыркүйектің соңғы күні – Еңбек күніне орай кесте бойынша сынып жетекшілер мектеп ауласын қоқыстар тазарту мақсатында «Таза бейсенбілікке» шықты.

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне арналған мектепшілік мерекелік іс шараға қатысты.

25 Қазан – Республика күніне арналған сыныпаралық волейбол жарысына 8-11 сынып жетекшілері оқушыларымен қатысты. Сонымен қоса өзін-өзі басқару ұйымының жетекшілік етуімен түрлі акциялар ұйымдастырылды.

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күніне арналған «Ең үздік» сынып сағаты байқауы ұйымдастырылып, 3 б сыныбының жетекшісі Смусенко Е.Я жеңіп алды.

«SMARTBALA» жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларына арналған мектепшілік «Startup» байқауына өз оқушыларымен қатысты.

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күніне байланысты барлық сынып кесте бойынша сынып жетекшілерімен бірге сабақтан тыс уақытта мектептегі ардагер ұстаздардың үйіне барып, көмектесіп келді.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні барлық сыныптарда бірінғай сынып сағаттары өткізілді.

Аудандық, облыстық, республикалық қашықтықтан ұйымдастырылған байқауға да қатысты. Соның бірі «Отбасылық хикаялар» «Өркен» институты ұйымдастырылған республикалық байқауда 2б сынып оқушысы сынып жетекшісі Юрченко В.А мен қатысып, жүлделі І орынға ие болды. «Қауіпсіз интернет» республикалық байқауда 7 сынып оқушылары І орын иеленді. «Бала қауіпсіздігі қоғам келешегі» атты мектепішілік ата аналар жиналысы өткізілді. Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығында сынып жетекші мен ата аналардың қатысуымен тренингтер, баламен бес минуттық сұхбат, ашық әңгіме, түрлі ойын форматындағы іс шара, ән байқауы сияқты жұмыстар жүргізілді. «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі, «Отбасы бақыт мекені», «Ана мейірімі» клубының жұмысы, «Екі жұлдыз» ана мен бала байқауы, «Бақытты балалық шақ» психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Ата аналардың қызығушылығы жоғары.